



# Жалағаш жауаршысы

## Жарқын жоба

### Аяқ суды үнемдеудің тиімді тетігін тапқандар

Соңғы жылдары Сыр өңірінде аяқ су егіншілер үшін айтарлықтай мәселеге айналды. Жергілікті шаруашылықтар бұл тығырықтан шығу үшін егінді әртараптандыруға басымдық беруде. Яғни себілгеннен пісіп-жетілгенше суда тұратын Сырдың басты дақылына қарағанда аяқ суды аз қажет ететін өнімдерге басымдық беруде. Ал бүгін облыс орталығынан жеткен жағымды жаңалықта аяқ су мәселесінің алдын алудың тағы бір тиімді тетігі айтылған. Яғни қызылордалық оқушылар егін алқаптарына кететін суды үнемдеудің тың әдістерін ойлап тапқан. Оны жүзеге асыру үшін арнайы құрылғы да құрастырыпты.



Бүгінде егін алқаптарында жаңбырлатып суару технологиялары пайдаланылады. Бірақ ол адамдардың қатысуымен жүзеге асады. Ал 10 сыныпта оқитын Саня мен Жансая жаңбырлатып суару технологиясын толқайта автоматтандыруға болатынын дәлелдеген. Олар бұл ойын шағын макет ретіндегі құрылғыға айналдырып, оны тәжірибеден өткізуде.

Жоба авторлары 3 түрлі датчикті, яғни ылғалдылықты анықтайтын, күн сәулесінің түсуін қадағалайтын және ауа температурасын есептейтін датчиктердің бірлесіп жұмыс жасауын ескере отырып, арнайы құрылғы орнатқанын айтады. Яғни осы жоба сыртқы факторларды ескере отырып жасайды да, өсімдікке қолайлы жағдай туындаған кезде ғана конвейер іске қосылады. Олар республикалық байқауда үздіктер қатарынан көрінген бұл жоба арқылы егін алқаптарына кететін судың көлемін 30 пайызға дейін үнемдеуге болатынын айтады.

Саня мен Жансая енді бұл құрылғыны үлкен көлемде құрастырып, мектеп ауласында егілетін дақылды суаруға сынап көруді жоспарлап отыр. Сондай-ақ олар халықаралық байқауларда бақ сынауға ниетті. Дарынды оқушылар агрономның да жұмысын автоматтандыруға мүмкіндік барын жасырмайды. Мәселен, Еңлік пен Назгүл өсімдіктің жағдайы мен өгіс басындағы климаттық ахуал туралы ақпаратты арнайы құрылғы арқылы жинақтауға болатынын дәлелдеп отыр. Осылайша фермер алқап аралап сабылмай, дақылдың жай-күйін қашықтан біліп отыра алады.

Бұл тек ауыл шаруашылығына ғана пайдаланылмайды, біз оған көп датчиктер қосатын болсақ, оны барлық салада қолдана аламыз. Яғни оны біз саябақтарға апарып, жасыл желектердің өсуін де қадағалай аламыз. Қазақстанда біздікіне ұқсас жоба жоқ, алайда Венгрияда бар. Бірақ оның бағасы біздікінен қымбатырақ. Құрылғы 1 шақырым радиусқа дейін қоршаған орта туралы мәліметті жинауға қаунарлы. Бұл ақпаратты арнайы базада жинақтау арқылы ғаламдық жылыну мәселелерінің алдын алу үшін ғылыми ұсыныстар беру мақсатында да пайдалануға болады, – дейді жоба авторлары.

«ЖЖ» ақпарат

### Жалағаш аудандық мәслихатының кезектен тыс 27 сессиясын шақыру туралы

Жетінші шақырылған Жалағаш аудандық мәслихатының кезектен тыс 27 сессиясы 2022 жылы 18 қарашада сағат 16.00-де аудандық мәслихаттың мәжіліс залында ашылады.

Сессияның күн тәртібіне мына мәселелер ұсынылады:

- «2022-2024 жылдарға арналған Жалағаш кентінің және ауылдық округтерінің бюджеттері туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2021 жылғы 29 желтоқсандағы шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы.
- Қосымша мәселелер.
- 2022 жылғы 18 қарашада сағат 15.00-де аудандық мәслихат хатшысының кеңесінде тұрақты комиссиялардың бірлескен отырысы өткізіледі.

Сессия отырысы Aitube.kz платформасында тікелей эфирде көрсетіледі.

Мәслихат хатшысы  
Г.Құрманбаева

Бүгінгі күннің талабы, білім саласының басты мақсаты – бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу, білімімен мыңды орайтын жастарды қалыптастыру. Кез келген елдің экономикасы әр салаға жетекші болатын білікті мамандармен дамиды. Ал білім шыңына шыға алған мемлекет қана әлемдік деңгейде еркін самғап, өз бағытын дұрыс таңдай алады. Сондықтан елдің келешек тұтқасын ұстар ұрпақтың білімді де білікті болуы ең алдымен ұстазға байланысты. Иә, ұстаз өз шәкіртінің бойына сапалы білім, саналы тәрбиемен қатар, адами құндылықтарды да сіңіреді. Ал бала байыпты бағыт-бағдар арқылы келешекке қадам басып, өз мақсатын, айқын мұратын жүзеге асырады.



## Басты мақсат – бәсекеге қабілеттілік

Таң ауылындағы №118 орта мектептің мұғалімдері балағасапалы білім беруде, заман өзгерісіне бейімделе алатын бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыруда қол білім-білімдерін аяған емес. Ұстаздық жолдың жауапты әрі қиын екенін жете түсінген мектеп ұжымы қай істе болсын ауызбіршілікпен жұмыс жасайды.

1981 жылы пайдалануға берілген 624 орындық білім ошағы өткен жыл күрделі жөндеуден өтті. Тіпті жобадан тыс мектеп ғимараты қазір заманауи жабдықтармен жабдықталып, талапқа сай білім беруде еш кедерімен бетпе-бет келіп отырған жоқ.

Мұғалімнің негізгі мақсаты – оқушылардың шығармашылық қабілетін, өзіндік таным біліктілігін дамыта отырып, алған білімдерін өмірде қолдана білуге үйрету. Өрине оңай жұмыс емес. Дегенмен қанша жылдан бері көптеген шәкіртің

қанатын қатайтып, өміріне жететін рухани азық пен тәрбие беріп, үлкен өмірге аяқтандыру ұстаздардың басты міндеті деп білеміз. Мектеп мұғалімдері өз іс-тәжірибелерінде күн сайын білім берудегі жаңа әдіс-тәсілдерді қолданып, оқушыларды оқу-танымдық, шығармашылық іс-әрекетке ынталандырып және әр оқушының нәтижесіне жетуі үшін жағдай жасауды басты орынға қояды.

Шүкір, жыл сайын нәтижесіз жаман емес. Жас ұрпақ білімді болса, елдің келешегі кемел болады. Жастардың білімді болуы жағдай-жағдай бәсекеге қабілетті мемлекеттің негізін қалауына жол ашады. Мұндағы негізгі ой – білім бәйгесінде биіктен көрінетін білікті маман уақыт талабына сай, кез келген кезеңде бәсекеге дайын тұлға қалыптастыру, – деген мектеп директоры Бүркітбай Доспанов компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу әркімнің алға басуына

жол ашатын заманауи талаптар екенін айтады.

Расымен заманның талабы осы, сөз басында айтқанымыздай, ашықтық, бәсекеге қабілеттілік және терең білім. Ал біз мақалаға арқау етіп отырған білім ошағының педагогтары бұл тұрғыда аябай еңбек етуде.

Мәселен, аталған алтын ұяда қазір 250 оқушыға осындағы педагогтар сапалы білім мен саналы тәрбие беруде. Бытырғы оқу жылының қорытындысы бойынша 11 сыныпты бітірушілердің саны 11 болса, ұлттық бірінші тестілеуге 10 тұлға қатысып, орташа балл 89,5 пайызды құраған. Мемлекеттік грант иегерлерінің саны – 7, облыс өкімінің грант иегері – 1, ақылды оқу орнына түскендер – 3. Ал «Алтын белгіге ие болған» Гүлназиф Әзілханқызы ұлттық сынамада 125 балл жинап, мектеп мақтанышына айналған екен. 9 сыныпты бітірушілер саны

20 болса, оның 8-і арнаулы орта оқу орындарына түсіп, қалған 12 оқушы 10 сыныпты жалғастырып отыр. Осы 9 сыныпты бітірушілердің 2-еуі негізгі орта білімін «Үздік аттестатпен» аяқтаған. Өткен жылдың басты жетістіктерін республикалық білім сайтындағы сынаға түскен Гүлім Алматқызы, Мұхамедәлі Атынтаев, Нұрдінар Жасұланұлы алып келген. Бұдан бөлек Таң ауылдық №118 орта мектепте аяулы ұстаздарының еселі еңбегін нәтижесіз қалдырмай, мектептің абыройын асқақтатып, жүзделі орындарды еншілеп жүрген оқушылар жетерлік.

Биылғы оқу жылының өзінде Тоғанай Әуезхан, Ұлмекен Сахи сынды білімді жастар түрлі байқауларда жеңімпаз атаныпты. Ал осындай білім бәйгесінде кіл мықтының ішінен дараланып, жеңісті сәттерді қанжығасына байлап жүрген жүйріктерді баптап, білім нәрімен сусындатып, күш-жігерін білім

жолында сарп етіп келе жатқан ұстаздардың да еңбегі қашанда құрметке лайықты. Еселі еңбегі өлеңген педагогтардың қатарында «Үздік тәлімгер – 2022» атанған мектеп тәлімгері З.Жәнібекова, «Үздік сынып жетекші – 2022» номинациясына ие болған бастауыш сынып мұғалімі Б.Тажмакова, «Үздік қоғамдық-гуманитарлық пәндер бірлестік жетекшісі – 2022» ағылшын тілін мұғалімі Ж.Нағашыбек, «Үздік бейіндік оқыту жөніндегі орынбасар – 2022» Ж.Есжановтар бастаған бірқатар білікті маман иелері бар.

Жалпы ауданға қарасты қай білім ошағын алып қарасақ та, нәтижесіз қуантады. Жыл сайын ҰБТ-дан да аудан абыройы төмендеген емес. Білімді жастарды қалыптастыруда білікті мамандардың жұмысында жүйе бар.

Н.АЛМАСҚЫЗЫ

Бұл – ауданнан ең шалғай орналасқан Аққыр ауылы. Иә, кезінде мал шаруашылығы бойынша аймақта алдыңғы қатарда болған еңселі елді мекендердің бірі бұл. Айыбы шетте орналасқан демесеңіз, көшелері кең, жарықтан мәселе жоқ, ауыз су жұмесі жаңа, мектебі де күрделі жөндеуден өткен. Не керек, ауылдың біршама көшесіне түсіп, елді мекеннің тынысымен таныстық. Жалпы соңғы жылдары бұл ауылда көркейтү, көгалдандыру бағытында біршама жоба қолға алыныпты. Бірқатар әлеуметтік нысандар да жаңарып, мамандардың кедергісіз жұмыс жасауына мүмкіндік қарастырылған.



## Антына адал абзал жандар

1,5-2 сағаттай ауылдағы алтын ұяға бегелдік. Білім ошағының саладағы жетістігі көңіл қуантады. Бір жылда 7 бала мектеп бітіріп, ҰБТ-ға қатысып, жетеуі де грантпен маңдайалды жоғары оқу орындарында білім алуы мұндағы ұстаздардың біліктілігін аңғартса керек. Балабақша, ауыз су жүйесі беріне алпадық. Кезек ауылдағы Аққыр дәрігерлік амбулаториясына келді. Медициналық нысан жаңа, мұнда абзал жандардың халыққа емдік шаралар жүргізуіне мейлінше жағдай жасалғаны көрініп-ақ тұр.

Иә, бұл нысан 2014 жылдың қаңтар айында ел игілігіне беріліпті. Сол уақыттан бері медициналық ғимарат мыңнан астам халқы бар Аққыр ауылының қажетіне жарап тұр. Аға медбике Сандуғаш Пірімжанова бұған дейін ескі нысанда халыққа емдік шаралар жүргізу қиынға соққанын айтады.

Бұған дейін ауылда 1964 жылы іргетасы қаланған бір ғимаратта жұмыс істедік. Өрине көне нысан болғандықтан ондағы қиыншылықты айтпаса да белгілі ғой. Бірақ антымызға адалдық танытып, алдымызға келген науқасты дертінен айықтыруға бар тәжірибемізді жұмсадық. Әлі де халықтың денсаулығын күзетіп келеміз. Қазақ «Аурудың өмін іздегенше, ауырмаудың жолын ізде» дейді. Мейлінше дертпен күрескеннен

оның алдын алған абзал болғандықтан халыққа неқұрлым түсіндірме жұмыстарын да жүргізіп отырамыз. Қазір жағдайымыз шүкір ғой, ғимарат жаңа, заманауи медициналық құрал-жабдықтарымыз да жетерлік. Шалғай ауылда денсаулық сақтау саласында айтарлықтай күрделі мәселе жоқ. Мейлінше елдің денсаулығын тәулік бойы күзетуге дайынбыз, – дейді Сандуғаш Әбдірқызы.

Аға медбикенің салдауғаш тәжірибелі маман екені көрініп-ақ тұр. «Дерігердің сезініп өзі жанға шипа» демейді ме, біз жолдаған бір-екі сауалға жауап бере жүріп, көмегіне жүгінуге келген тұрғындарға да жылы қабақ танытып үлгеріп жатыр. Не дегенмен салада 29 жылдық тәжірибесі бар білікті маман ғой.

Аққыр дәрігерлік амбулаториясында барлығы 22 адам жұмыс істесе, оның 12-сі медицина қызметкері екен. Мұнда жұмыс таңғы сағат 8.00-де басталып, түсі сағат 12.00-ден 14.00-ге дейін үзіліс бар. Мұндағы абзал жандар көшкі сағат 18.00-ге дейін науқастарға емдік шараларын жүргізеді. Біз негізгі жұмыс уақытын ғана айтып жатырмыз. Болмаса сала мамандары уақытпен санасу дегенді білмейді. Оған өздері де дағдыланып алған. Түңгі сағат 4-5-терде тұрғындардан қоңырау түссе де қабақ шытпайды. Бұны мамандыққа адалдықтың көрінісі деп түйдік.

Аққыр ауылында бүгінде халық саны 1095 адамды құрайды. Жергілікті тұрғындарға күндізгі стационар бөлімінен 10 тесек орын қаралыпты. Кейін халық санының аздығына байланысты төсек орын бесеуіге қысқарған. Жаңа жосарыда айтылған 1095 халықтың 258-і түрлі дертпен есепте тұрады екен. Мұндағы медицина мамандарының емдік шаралары жергілікті халықтың көңілінен шығып отыр. Тіпті көшеде кезіккен тұрғындардан дәрігерлік амбулаторияның жұмысына қатысты бағасын да білдік, түйгеніміз, аққырлықтардың ондағы абзал жандарға алғыстан басқа айтары жоқ.

Ауылдағы ақхалатты абзал жандар хақында оң пікірден басқа не айтуға болады, бара қалсаң, емдік шараларын көрсетіп, үйде дертпен қалай күресуге болатыны жайында кеңес беріп, мейлінше сенің аурудан құлантаза айығуыңа жұмыс жасайды. Ал мұндай жандарға алғыстан басқа не айтамыз, өзім де жуырда қан қысымым көтеріліп, осында хабарластым. Түні бойы денсаулығымды күзетіп, емдік шаралар жүргізді. Бұл ұжымның жұмысы жайында менің ғана пікірім емес, ауылдағы кез келген адамнан сұрасаңыз естігіндеріңіз осы, – дейді аққырлық зейнеткер Ақзада Шарипова.

Сандуғаш Әбдірқызы мұнда көбіне халық қант диабеті, қан қысымы, жүрек

қантамыры ауруларымен келетінін айтады. Сондай-ақ маусымда тұмаумен келетін де болады екен.

Алдына келген науқасты дертінен айықтыруға бар қарым-қабілетін жұмсайтын денсаулық сақтау саласы қызметкерлерінің шалғай ауылда көптеп болғаны дұрыс-ақ. Себебі бұл ауыл мен аудан орталығының арасы айтарлықтай қашық екені айтпаса да белгілі. Ал халық денсаулығын күзетуде уақыт жоғалтпау басты мәселе екенін ескерсек, бұл тығырықтан алып шығатын да Сандуғаш секілді білікті мамандар.

Мұндағы мамандар көшегі корона-вирус өршіген тұста ауылда да аталған дертке шалдыққандар болғанын жасырмайды. Десе де дәрігерлердің жүргізген түсіндірме жұмыстарының нәтижесінде халықтың екі жұмыстарына деген көзқарасы өзгеріп, денсаулығына деген жауапкершілігі еселенген. Аға медбике ауыл халқы 100 пайыз вакцинаның барлық түрінен өткенін айтады.

Абзал жандар жергілікті халықтың денсаулығын күзетсе, тұрғындар мұндағы мамандардың кеңесіне құлақ асады. Ал мұндай елді мекенде ауру-шандық аз болатыны айтпаса да белгілі. Аққырда болған бір күнімізде түйгеніміз осы болды.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Тағзым



# Ел жадында есімі жаңғырды

**Өткен сенбіде Қ.Қазантаев атындағы аудандық мәдениет үйінде өңір руханиятында ерекше қолтаңбаны қалған мәдениет саласының қайраткері Комбуз Бердәулетовты еске алуға арналған «Жаны жарқын жан еді» атты тағылымы мол кеш өтті. Кештің шымылдығы кейіпкердің өмір жолын суреттейтін қысқаша көрініспен түрілді. Одан соң үлкен экраннан кейіпкерге қатысты тарихи суреттер көрсетіліп, өмірдері берілді. Шараны ресми түрде ашқан аудан әкімі Асқарбек Есжанов Комбуз Әбдірашитұлының адами тұлғасына, еңбек жолына кеңірек тоқталды.**

– Өнер, мәдениет дегенде біздің көз алдымызға ең алдымен театрлар мен мәдени ошақтар келеді. Бірақ сол салада еңбек еткен өнер өкілдерін және олардың еңбегін аса біле бермейміз. Жалпы аталған саланың және олардың еңбегін аса біле бермейміз. Жалпы аталған саланың және олардың еңбегін аса біле бермейміз. Жалпы аталған саланың және олардың еңбегін аса біле бермейміз.

келді. Сол кезеңде іргетасы қаланған драма үйірмесі бүгінде «Халық театры» атына ие болып, сахналық қойылымдарымен көрерменнің ыстық ықыласына, қошеметіне бөленіп келеді. Айырықша айта кететіндеріміз, Комбуз ағамыз негізін қалаған, Мәскеудегі Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы жетістіктерінің Көрмесіне қатысып, өнер көрсеткен «Алтын арай» халық ән-би ансамблінің жұмысы күні бүгінге дейін жалғасып келе жатыр. Қырық жылдан астам тарихы бар ансамблдің осы уақытқа дейін бірнеше буын мүшелері ауысқанымен, бастағы рухани өзегі сақталған. Одан бөлек ауылдық клубтар, жылжымалы автоклубтар, киноқондырғылар мен кітапханалар тұрғындарға үздіксіз қызмет көрсеткенін аудан жұртшылығы бүгінде сағыныспен еске алады және осы жұмыстардың ұйымдастыруының, үйлестіруінің барлығында Комбуз Бердәулетовтың өзі жүрді.

қалуда руханият өкілдерінің еңбегі ұшантеңіз. Солардың бірі – Комбуз Бердәулетов. Шарда сөз алған аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев осы сөзімізді дәлелдей түсті.

Ендеше Комбуз ағамызды аудан мәдениетіне ғана емес, ұлт руханиятына сүйелі ұлес қосқан, қоғамның мәдени дамуына зор еңбек сіңірген қайраткер тұлға дәуірімізге әбден болады. Ол кісінің өмір жолы – жас ұрпаққа өнеге, қоғамға үлгі. Тек біз осындай тағылымды шаралар арқылы тұлғаларымызды халық арасына кеңінен насихаттап, келешек ұрпаққа жеткізуге тиіспіз және ол – біздің міндетіміз, – деді Асқарбек Темірбекұлы.

Ендеше Комбуз ағамызды аудан мәдениетіне ғана емес, ұлт руханиятына сүйелі ұлес қосқан, қоғамның мәдени дамуына зор еңбек сіңірген қайраткер тұлға дәуірімізге әбден болады. Ол кісінің өмір жолы – жас ұрпаққа өнеге, қоғамға үлгі. Тек біз осындай тағылымды шаралар арқылы тұлғаларымызды халық арасына кеңінен насихаттап, келешек ұрпаққа жеткізуге тиіспіз және ол – біздің міндетіміз, – деді Асқарбек Темірбекұлы.

Расында мәдениет саласының дамуына еңбек еткен майталмандар кейде назардан тыс қалып, халықтан дер кезінде лайықты бағасын алмай жатады. Тұрасын айтсақ, ескеріле бермейді. Ал шын мәнінде ұлттың бет-бейнесін айшықтап, болмысымызды сақтап

қалуда руханият өкілдерінің еңбегі ұшантеңіз. Солардың бірі – Комбуз Бердәулетов. Шарда сөз алған аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев осы сөзімізді дәлелдей түсті.

өнерпаздар – бүгінде есімдері елімізге белгілі азаматтар. Комбуз Бердәулетов қарамағындағы қызметкерлерге тек басшылық көзқарас танытпай, ардайым қамқор бола жүріп, олардың жұлдызын жарқыратты.

Көмекең іскерлігімен бірге өте мәдениетті, парасатты жан еді. Үлкен ақылдың, көркем мінездің иесі болатын Ойын бүкпесіз айтатын тұрашыл, әділетті, талапшыл еді. «Бәрі де халық үшін» деген ұранды ұстанымда пенделіліктен ада өмір сүрді. Әке қанымен, ана сүтімен дарыған мінез адамды билікке де көтереді, төменге де құлатады. Бұл кісінің өткен газасырдың басында өмір сүрген қазақ зиялыларының есімімен бірге аты аталатын және солармен тағдырлас болып, «халық жауы» деген нақақ жаламен ұсталып кеткен Әбдірашит өкеміздің туяғы жағы білгенімен, жастардың білмеуі мүмкін Біздің міндетіміз және бүгінгі өтіп жатқан шараның мақсаты да сол ұлтқа қызмет қылған осындай тұлғалардың өмір жолы арқылы жастарымызды елжанды болуға тәрбиелеу, оларға бағыт көрсету, – деді Садық Әлиев.

Шара барысында Комбуз Әбдірашитұлының көзін көрген, бірге қызмет істеген замандастары, іні-қарындастары және ұрпақтары, туған-туыстары кеңіле тәубертен естеліктер айтып, өкілі ел көшінің мәні мен маңызын үстеді. Комбуз Әбдірашитұлының тұлғасын зорайта түсті.

Комбуз Бердәулетовтың басшылығымен құрылған «Алтын арай» халық ән-би ансамблінің сол кезеңдердегі мүшелері Роза Боранбаева, Тойған Қалжекенова және Салпау Әбсәттаровалар ұзақ уақыттан кейін сахнаға шығып өнер көрсетті. Одан бөлек көрермен аудандық мәдениет үйінің көркемөнерпаздары орындаған ретро өңдерді тыңдап, «Халық театрының» актерлары сахнада драматург Оразбек Бодықовтың «Қанжар мен домбыра» драмасынан үзінді тамашалады. Сахнадағы өрбір сөзден де, өңнен де, қойылымнан да кеш иесінің жарқын бейнесі айқын көрініс тапты. Сондай-

ақ аудандық мәдениет үйінің өкілі Комбуз Бердәулетовтың өмірінен сыр шертетін «Есімі ел есінде» тақырыбында көрме ұйымдастырылды.

Комбуз Бердәулетов мәдениет саласын басқарған кезеңдерде ауыл мәдениетін көтеруге көңіл бөлді. Мәдениет ошақтары жоқ елді мекендер мен ферма орталықтарына «Қызыл Отау» деп аталатын жылжымайтын кітапхана ұйымдастырды. Мәселен, Жаңадария кеңшарында Аққолқа, Бестама, Жалағаш кеңшарында Ақшал, Аққырда Шәргелтай деген жерлерде кітап оқитын «қызыл бұрыштар» ашылды. Облыс көлемінде тұңғыш рет мердігерлік әдіспен жұмыс жүргізетін отбасылық жылжымалы клубтар ұйымдастырылып, малшылар мен егіншілерге жүйелі түрде мәдени қызмет көрсетіле бастады. Сондай-ақ аудандық мәдениет үйінің бір бөлмесінде аудан тарихына арналған мұражай ашылды. 1976 жылы «Алтын-Арай» халық ән-би ансамблі «Алтыбақан» телевизиялық ойын-сауық орталығында өнер көрсетсе, 1979 жылы Ақтөбе қаласында гастрольдік сапарда болып, көрерменнің ықыласына бөленіп қайтты. Ал 1981 жылы Мәскеу қаласында өткен «Отанды жырлаймын» атты Бүкілодақтық фестивалге қатысып, арнайы диплом иеленіп, ансамбль мүшелері қола медалмен марапатталды.

Комбуз Бердәулетов аудан мәдениетінің тізгінін ұстап тұрған жылдары айналасына сайдың тасындай іріктелген нағыз өнердің өз өкілдерін жинады. Олардың ішінде Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, жыршы, Жұмабек Аққұлов, режиссер Тынымбай Мәдиев, биші Роза Боранбаева және сазгер Жұма Данилов, әйгілі «Ақбаян» өнімен танылған Әбдімәлік Сыздықов, Алма Қошығұлова, Мұхамедияр Әбжанов, Баян Төлегенова, әнші Рәш Отызбаева, Тойған Қалжекенова, суретші-бездендіруші Сергей Батталов және басқа да бүгінде есімдері елге белгілі азаматтар болды, олар бір қолдың саласындай

бірігіп жүріп, аудан мәдениетін бір белеске көтерді.

Комбуз ағамыз әрдайым өнерпаздарды көтермелеп, оларға шығармашылық шабыт беріп отырады екен. «Алтын арайда» өнер көрсеткен Әбдімәлік Сыздықовқа «Әбдімәлік музыканың тілін біледі, ол әуен әлемінде өмір сүреді. Мен оның талантына табынамын. Құдай берген талантқа құлдық ұрсаң, өрсі емес» дейді екен. Ал «Жұмабек – жырдың бұлағы, көненің көзі мен құлағы» деп Жұмабек Аққұлов ағамызға берген бағасының өзі неге тұрады?! Бұл – талантты танитын және оның қадірін білетін нағыз өнер майталманының жүрекжарды сөзі.

Бірде Тынымбай ағамызбен әңгімелесіп отырып, мәдениет саласының өткен тарихына тоқталдық. «...Көмекең ағамыз бойына Құдай жақсы қасиеттің бәрін тең бөліп берген жан еді ғой. «Тектінің туяғы» деген сөз бекер емес. Басшылық қызмет істеді деген аты болмаса, сахнада да, сценарийде де, тіпті мәдениет саласының күнделікті қат-қабат жұмыстарымен далада да, қалада да жүре беретін. Бірақ талапшыл Сенім үдесінен шықпаса, түліп жейді, салада атқарған ісің көңілінен шықса, баласындай өмір-нен бауырына басатын. Сондай болмысымен төмендеген жоқ, керісінше кез келген адамды мысы басып тұрушы еді. Өткен газасырдың жетісінші-сексенінші жылдары бүкіл одаққа белгілі, атағы мен даңқы бір-бір атанға жүк болатын өнер адамдары ауданымызға жиі келетін. Көмекең солармен тең дәрежеде сөйлесіп, ой-пікірлері бір арнада тоғысып жататын, – деп сағына еске алып еді...

Иә, расында ұлт руханияты үшін тер төккен азаматтардың өздері өмірден өтсе де, олардың рухы өлмейді. Өйткені ұлт мәдениетінде, ұлт руханиятында сол халықтың келешегі бар. Кім елінің келешегі үшін аянбай адал қызмет етсе, сол жұртшылықтың жадында мәңгі жасай бермек. Сондай жандардың қатарында Комбуз Әбдірашитұлы да бар.

Қуат АХЕТОВ

**Жасалған қылмыс үшін жаза тағайындау әр судья үшін сот процесіндегі ең күрделі, маңызды және негізгі сатысы болып саналады. Себебі таразының бір шетінде айыпкердің тағдыры мен оның болашағы, бір жағында қандай да бір жәбір көріп, араша сұраушы айыптаушы тұрғанда, таразының басын тең ұстау кез келген судьяға оңай соқпаса анық. Әрбір істің артында адамдардың тағдыры бар. Сондықтан «Заң – судьяның құралы, көздегені – әділдік» деген ұстанымда болып, әділ шешім шығару процесі көп еңбекті талап етеді.**



жазаның анағұрлым қатаң түрінің ең жоғары мерзімінің немесе мөлшерінің жартысынан асыруға болмайды. Ал қылмысқа оқталғаны жаза мерзімінің немесе мөлшерінің төрттен үшіннен асыруға болмайды.

Сонымен бірге қылмыстардың қайталануы немесе қылмыстардың қауіпті қайталануы жағдайында жаза тағайындау кезінде бұрын жасалған қылмыстардың саны, сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесі, оның алдындағы жазаның түзету ықпалының жеткіліксіздігіне себеп болған мән-жайлар, сондай-ақ жаңадан жасалған қылмыстардың сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесі ескеріледі.

ҚК-нің 60-бабына сәйкес, егер сотталған адам үкім шығарылғаннан кейін, бірақ жазаны толық өтегенге дейін жаңадан қылмыстық құқық бұзушылық жасаса, сот соттың соңғы үкімі бойынша тағайындалған жазаға соттың алдыңғы үкімі бойынша жазаның өтепмеген бөлігін толық немесе ішінара қосады.

Сотпен жоғарыда көзделген жаза тағайындау қағидаларының, ережелерінің сақталуы, оның дұрыс қолданылуы, әрбір қылмыстық істі заңға сәйкес шешілуінің негізі болып саналады.

12 желтоқсандағы № 2676 Қазақстан Республикасы Заңын басшылыққа алу қажет.

Белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жаза тағайындалған кезде соттар ҚК-нің 50-бабының екінші бөлігінде көзделген экономикалық қызмет саласында және қаржы ұйымдарындағы қызмет мүдделеріне қарсы, көмелетке толмағандарға жаныстық тиіспеушілікке қарсы, сыбайлас жемқорлық және кілтікті қылмыстар жасаған адамдарға қатысты ерекшеліктерді ескеруі қажет. Егер ҚК-нің Ерекше бөлігі тиісті бабының санкциясында белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру көзделмесе, сот жасалған іс-әрекеттің қажетті сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесін ескере кінәлі адамның жеке басын ескере отырып, оған ҚК-нің 50-бабы үшінші бөлігінің қағидалары бойынша осындай қосымша жаза тағайындау туралы мәселені талқылауға тиіс.

Жазаны белгілеу кезінде осындай күрделі процес уақытында сот залына кірген судья бір сәтке ағайын-туыс, жора-жолдас атаулыны ұмытып, тек заңға ғана бағынып, ар-ұятына ғана жүгінуі керек. Қазақтың бас ақыны Абай: – «Ұят деген – адамның өз бойындағы адамшыллығы», – деген екен. Ендеше сот үшін бұлжымайтын ереже ар-ұяттан адамылықтан аттамау – біздің басты ұстанымымыздың бірі.

Ар-ұятпен бірге айтылатын тағы бір қасиетті ұғым – ар-иман. Тағы сол Абай атамыз айтқандай, иман сақтауға қорықпаса жүрек, айнымас кендіп босамас бұын керек. Себебі бізге келген кісілер «мен әділет үйіне келдім, ол жерде мені күтпеді, түсінеді, қабылдайды, мәселемді әділ шешеді» деп келеді. Сондықтан осындай құрмет пен сенімді ақтап, өз қызметімізді тиісті дәрежеде атқару, халықтың сотқа деген сенімін арттыру біздің басты міндетіміз нәм парызымыз десек, артық айтқандық емес.

А.МИЗАНБАЕВ,  
Жалағаш аудандық сотының төрағасы

## Жазаны белгілеу – күрделі процесс

Сотқа басына іс түсіп, әділетсіздікке ұшыраған құқығы жағылған жандардың ғана келетіні анық. Сан соғып алданғандар, шындық іздеп шарқ ұрғандар ақиқатқа араша болады деп сеніп келеді. Соттан әділдік іздегендердің үміті мен сеніміне қаяу түсірмей, сенім үдесінен шығу – әрбір судья үшін міндет.

оның отбасының немесе оның асырауындағы адамдардың тіршілік жағдайына ықпалы ескеріледі.

бұзушылықты, сыбайлас жемқорлыққа қатысты, террористік, экстремистік қылмыстарды, сондай-ақ көмелетке толмағандарға жаныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстарды жасағаны үшін кінәлі деп танылған және түзелу жолына түсуді қаламайтын бұрын сотталған адамдар үшін заңмен көзделген қатаң міндетті түрде талқыланады.

Сотпен жаза тағайындаудың өз ерекшеліктері бар, яғни жасалған қылмысқа байланысты жаза тағайындау кезінде қылмыстық құқық бұзушылықтың сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесі, кінәлі адамның жеке басы, оның ішінде құқық бұзушылық жасағаны дейінгі және одан кейінгі оның мінез-құлқы, жауаптылық пен жазаны жөндімдететін және ауырлатытын мән-жайлар, сондай-ақ тағайындалған жазаның сотталған адамның түзелуіне және

Сотталушының жеке басына қатысты мәліметтердің жазаның түрі мен мөлшерін белгілеу үшін әлеулі мәні бар, сондықтан олар жан-жақты, толық және объективті түрде зерттеледі. Сотталушының денсаулығын, еңбекке қабілеттілігін, еңбекке, білімге көзқарасын, соттылығы және отбасылық жағдайы туралы мәліметтер де анықталады.

ҚК-нің 53,54-баптарында көзделгендей, жаза тағайындау кезінде сот әр сотталушыға қатысты оның жауаптылығы мен жазасын жөндімдететін және ауырлатытын мән-жайларды міндетті түрде үкімде көрсетеді. Ал ҚК-нің 55-бабына сәйкес, қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін тиісті балта белгіленген төменгі шектен төмен жаза тағайындауға не қылмыстық құқық бұзушылық сараланған ҚК-нің бабының санкциясында көрсетілмеген

## Өзекжарды әңгіме

**Сөз кезегі өзінде, сондағы айтқандары: Қайран, балғын балалық шақ! Өмірдің өткелдерінен өз күш-жігерімен өтіп, ақыл тоқтатқан адам осы бір бейкүнә бақытты кезеңді ет жүрегі елжірей еске түсіреді анық. Адамның қайта айналып келмейтін осы алаңсыз шағы оңашада ойға шомғанда бұлдыраған сағыныш сағымынан бірте-бірте айқындалып, алыстан талып жеткен бала кездің бейнелері түйдек-түйдегімен көз алдына келеді. Осындайда көңіл төркінінен мәңгі орын алып қалған балақ әскерлер туралы, шексіз мейірімі мен шапағатын төккен асыл да аяулы апаларым мен әжелерімнің аялы алақаны туралы ой бөліскім келеді.**

# Өмір жолы өнеге



Сонау өткен ғасырдың 50-ші жылдары, оның оқиғалары әлі есімде. Мен Қызылорда қаласының жанындағы колхоз мектептерінде білім алдым. Одан кейін қаладағы гидромелиоративтік техникумда оқып, Ленин мектебінің 10-шы сыныбын кешкісін оқып бітірген болатынмын.

Қазақы тәрбиеде әжелер мен аналардың қаншалықты маңызды орын алғанын ешкім теріске шығара қоймас. Дәстүрлі қоғамда ер азаматтың іс-әрекеті қашанда түзде өтсе, бүкіл үй шаруашылығы мен ержеткенге дейінгі бала тәрбиесі әйел-аналардың мойнында болды. Аналар ауылдағы ағайынның ырыс-берекесінің ұйытқысы болды.

Қазақы апалар, әжелер мен аналардың бейнесі заңғар жазушымыз Мұқтар Әуезовтің «Абай жолы» романындағы Зере мен Ұлжанның кейіпінде тамаша берілді емес пе? Бүгіндері дәстүрлі ұлттық тәрбие деген ұғымды жас ұрпаққа халықтық салт-дәстүрлерді үйрету аясында ғана шектеп жүрміз. Шын мәнінде бұл – ауқымды ұғым. Дәстүрлі қазақ қоғамында зерделі жасты жан-жақты дамытудың, сөйтіп оны зиялы азамат етіп қалыптастырудың өзіндік жүйесі болған. Бұған зердесін байыту, өркін ойлай білуі қалыптастыру, жады мен тәнін шыңдау, көкірегіне ізгілік пен даналық дәнін егу, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар туралы түсінік қалыптастыру, өнер мен білімге баулу сияқты мақсаттар енген.

Міне, бұл қазақ халқының дәстүрлі зиялылары мен ғалымдары өсіп шыққан ұлттық-гуманистік тәрбие мектебі еді. Қазіргі заманда дәстүрлі қазақ қоғамының құндылықтарын батыс өркениетінің либералды-демократиялық құндылықтарымен үйлестіріп біздер үшін өте өзекті мәселе. Бұл – бір. Екіншіден, қазіргі уақытта ұлы даламызға дендеп енген батыстық өркениет сәулесі қазақтың дәстүрлі зиялы қауымына оң ықпал етіп, олардың жаңа тұрпатты өкілдерінің рухани жағынан көптеп өсіп шығуына жағдай жасағанын ешбір ұмытуға болмайды. Оған өткен ғасырдың 40-50 жылдардағы жастардың өртерек өсеімі мен рухани жағынан шыңдалуы кепіл.

Иә, біздің замандастарымыз теріздің менің де балалық шағым өткен ғасырдың 40-50 жылдары Сыр бойындағы қиын-қыстау күндерге, ашаршылықты, қуғын-сүргінді, қиямет қырғын соғысты бастан кешірген жылдарға дөп келді. Аумалы-тепкелі осы заманда бала дүниетанымы мен

бақытына ықпал етіп, оның жақсы азамат, тұлға болып тәрбиеленуіне әсерін тигізген, өмірім мен санамда өшпес із қалдырған апаларым мен әжелерім туралы сөз қозғағым келеді. Әуағыз ырза болғыр, бұлар Қатира және Таззағұл апалар, Рысты, Мәрия және Бибінүр әжелерім болатын.

Ол кезде педагогтық институттың «Физика-математика» факультетіне түсіп, онда өте жақсы оқып, Сталиндік стипендия иегері болдым. Бұл бір көрермет заман болатын. Осы оқу орнын бітіргенімнен бері қандай оқиғалар болды десенізіш? «Елу жылда ел жаңа» демекші, шын мәнінде еліміз түбірінен жаңарып, тәуелсіз ел болдық. Оған шүкіршілік етеміз.

Мен текті, діни сауаты бар өз анам Рыстыны өже деп атадым. Өйткені бала тұрмағасын осылай атауды берімізден өзі өтінген. Бұл да болса қазақы ырымның бірі болса керек. Әкем Нысанбай өкеуі қосақтасып өмір сүргенде анамыз 17 құрсақ көтеріпті. Солардан екі-ақ қыз қалған, менің апатайларым – Үміт, Қатира, қалғандары өткен ғасырдың отызыншы жылдары қолдан жасалған ашаршылық тұсында шетінеп кете берген.

Ел басына төнген бұл зобаланды бастан көшпеген қазақ отбасы кем де кем. Сталин қалыптастырған тоталитарлық режимнің Қазақстандағы орындалушысы Голощекин болды. Еріксіз жаппай күштеп ұжымдастырудың, индустрияландырудың нәтижесінде күнкөріс көзінен айырылған қазаққа қолдан жасалған бұл нәубетті тұтас ұлтқа қарсы геноцид деп бағалауға болады. Болмаса сол кездегі саясатты ақсақалдар «жүнін жүлған тауық өзіне қайтып келеді, қуатты ел бағынбайды, қуатсыз халық қана бағынады» деген астармен түсіндіретін. Тәуелсіздік тұсындағы тарихи сананы қайта қалпына келтіру мақсатында ұлттық тарихты жандандыру барысында талай ақ-таңдақтың беті ашылып, бұл сойқанның да ақиқаты анықталды. Табиғи материалдық ресурстар мен мал шығынын айтағанда, белгілі демограф ғалым М.Тәтімовтің есептеуінше, қазақ халқының жартысына жуығы аштан қырылды. Бұл нәубет қазақ тарихының қасіретті беттерінің бірі ретінде сақталып қалған «ақтабан шүбырынды, алпақөл суламадан» да асып түскен зұлмат болды.

«Азық даярлау, мал даярлау, жүн даярлау, тәркілеу деген науқанмен барлық мал-мүлкінен айырылып,

аштыққа тап болған халық бас сауғалап Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан сияқты Орталық Азия республикаларына қарай үдере көшті. Тіпті Түркіменстан, Иран, Ауғанстан, Қытай асқандар да болды. Жолшыбай нәр татпай, қалжырап өлгендердің мәйітін кемусіз қалдырып кете берген осы дүрмектің қатарында біздің отбасымыз да болған. Әкем Нысанбай мен Рысты анам балаларын жетелеп Өзбекстанға ауды. Бұл қасіретті сапардағы сұмдық оқиғаларды (есектің етін жегенді, құрт-құмырқа жегенді, далада торғайдың тұқымын іздегенді, баласынан бөзіп кеткенді және т.б.) бала кезімде әжемің ауызынан талай естідім. Менің ата-анам жат-жұртқа жерсіне алмай, туған еліне қайта оралады, бейнетті көп, зейнеті жоққа жақын колхоз жұмысына орналасады. Балалардан Үміт пен Қатира апаларым ғана тірі қалды.

«Баласыз ата – тул» демекші, артына тұяқ қалдыруды армандамайтын қазақ бар ма, сіре?! Менің ата-анам да бала тұрақтамағасын солманайдағы әулие-әңбелдерді жағалап, әруақтардың басына түнеп, құдайдан жалбарынып ұл сұраған. Аласпапыр заманда алда не күтіп тұрғанын күдіктенгені де болар, ұрпақ жалғастығын өкем де, шешем де уайымдаған терізді. Қамқөңіл пенделерінің мұңына құдай құлақ асты ма, 1937 жылдың 10 қарашасында мен дүниеге келіпін, артыман інім Мәлік өмірге келді. Сол жылы астық, қауын-қарбыз бітік шығып, өзен-көлдерде балық мол болып, Нысанбай әулетінің жағдайы да түзеле бастады. Рысты өкем де мұны жақсы ырымға балаған.

Алайда жадау көңілге медет болған бұл қуаныш та ұзаққа бармады. Кеңестік идеология еркіндік пен бөтен ойлаушылықты аяусыз жазалап, бандандық пен тоталитарлыққа көніс басыны тәрбиелеуге тырысты. Қуғын-сүргін жылдары халықты ұлт ретінде ұйытуға тырысқан қазақтың бетке ұстар қаймақтары қамауға алынып, жер айдалып, атылып кете берді. Кеңестік саясатты жергілікті жерлерде кеше кісі қолына су құюға жарамай жүрген сауатсыз жарлы-жақыбайлардан шыққан шолақбелсенділер жүзеге асырды. «Аша тұяқ қалмасын, асыра сілтеу болмасын» деген ұранды жамылып, бұл ұрда-жық белсенділер өктемдік пен зорлық-зомбылықтың, жалақорлықтың түр-түрін көрсетті.

Менің өкем Нысанбай да осы саясаттың құрбанына айналды.

Ұжымның төрағасы Жүзелбай деген кісі өрмиезді, әділетсізгіш Нысанбайға бұрыннан тісін қайрап, ұрымтал сөтті күтіп жүрген екен. Ұлы Отан соғысы басталар шақта «Германия Кеңес Одағын жеңеді» деп айтып деген жалған жаламен «халық жауы» ретінде өкемді ұстатып, ақырында ол Термез қаласында атылып кетті. Қызылорда қаласының жанындағы Қарауылтебе колхозында тұратын өкемді түнде алып кеткені, өкемнің жылағаны өміс-өміс есімде қалыпты. Ол мені «өкең таяуда қайтып келеді» деп жұбатқанымен, оның хабарын бірнеше жылдан кейін соғыстан соң тоталитаризм тосағынан босап шыққан өкеммен бірге болған адамнан естідім.

Шарасыздық пен өкініш өзекті өртеді, амал қанша?! Өкемнен мен осылайша айырылдым, кейінірек мектепте оқып жүргенімде «халық жауының ұлы» ретінде көрсетілген қорлыққа іштей қарсыласа жүріп, ақырында Мәскеуде аспирантурада оқып жүрген кезімде Литвадан келген досым Альберт Райкебаев өкеуміз жабылып КСРО Бас прокуроры Руденкоға хат жазса жүріп, өкем Нысанбайдың өсімін жаладан тазартып, ақтап алдым.

Менің ғалым болуыма себеп болған ғылыми кітаптар жазу арқылы өкеме мәңгілік ескерткіш қою болатын. Ол жөнінде тәуелсіз Қазақстанның 10 жылдығына байланысты «Тамаша адамдар ғұмыры» сериясы бойынша орыс тілінде жарық көрген профессор Грета Соловьева мен Сергей Колчигиннің «Әбдімәлік Нысанбаев» атты көлемді кітапқа және қырық минуттық «Философ Нысанбаев» фильмінде көңінен айтылған.

Қазақтың басына төнген қара бұлп аштықпен, қуғын-сүргінмен сөйле қойған жоқ. Бүкіл адамзатты дүр сілкіндірген екінші дүниежүзілік соғыс басталып кетті. Ажал сепкен сұм соғыс миллиондаған адамның өмірін жалмады. Өзіміз қазақ отбасындағы бас көтерер ересек адамның барлығы дерлік соғысқа аттанды. Қара жамылған шаңырақ қалмады.

Осылайша менің балалық шағым соғыс жылдары өкесіз, өкем мен апамның қолқорлығындағы тәрбиемен өтті. Әйел тәрбиесін көрген баланың психологиясы, дүниетанымы, құндылықтар жүйесі өзгеше болады екен. Әдетте кез келген баланың күтетін асқар тау секілді өкелі қорғанды, сүйеніш пен тіректі, әжелердің мейірілі жүрегі мен аялы алақаны айырбастанды. Бұл да біздің замандастарымыз бастан өткізген сол қиын-қыстау уақыттың бір белгісі еді. Осының өзі адамды жастайынан өмірмен бетпе-бет келгенде өз бетінше шешім қабылдап, өз отбасында қызғаштай қорғап, оның өміріндегі қамтамасыз етуге итермелеп, батыл әрі ақылды әрекет етуге тәрбиелейтін терізді. Мен өз басым Алла жақтан отты адам үрлеп сөңдіре алмайтынымна төнті болдым.

Соғыс жылдары да, одан кейінгі халық шаруашылығын қалпына келтіру жылдары да ауылдағы ауыр еңбекті әйелдер арқалады. Әкем Рысты кезінде Жалағаш төңірегінде аты елге өткір әділдігімен, туралығымен танымал болған Қондыбай бидің қызы болған. Қондыбай бидің әйелі Жібек анамыз қызы Рысты тұрмыс құрарда жасауына қосып, алда-жалда балалары үшін жаратарсың деп шағын бір дорба атып, бір дорба күміс теңге берген екен. Оны өкем үннің ішіне тығып ұстаған Николай патшаның дәуірінен қалған бұл теңгелерді мен де көрдім. Аштық жылдары бұларды өкем қажетіне жаратқан. Содан қалғандары соғыс жылдары да кәдеге асты. Есімде қалғаны өкем есекке мініп алып, теміржол бойындағы орыс әйелдеріне барып, тіл білмесе де сол алтын-күмістерді нанға айырбастан жүретін.

Алтын-күмістің де қадірі қалмай, талғажау ететін ас табу мұң болған заман ғой. Сол кездері шыққан «алтын, күміс тас екен, арпа-бидай ас екен» деген сөздің төркіні осыны білдірсе керек.

Рысты өкем мен Қатира апам колхозда күні түні еңбек ете жүріп, мені де жастайымнан әділдікке, парасаттылыққа, қайсарлыққа, еңбекқорлыққа, қиыншылықты жеңуге үйретті. Бұл Қызылорда қаласы маңындағы Қызылжарма деген каналға жақын жердегі «Кооператор» колхозы болатын. Қаршадаймыздан бөліміз бүгүліп отын арқаладық, малға қарадық, диірмен тарттық, егінді күттік, күбі пісіп, келі түйдік. Үйдің жанынан қоралап картоп, піяз ектік, базарға сатып күн көрдік. Мылтықты алып, кейде сонымен аң-құс ататынбыз, оның етін тамақ ететінбіз.

Жұрттың айтып жүрген бойымдағы бір қасиетім тазалық, дарындылық, қиындықты жеңе білу, қажырлылық, тынымсыз еңбексүйшілік болса, онда ол осы Рысты өкемнің ақ сүтінен және сіңірген жүйелі тәрбиесінен болуы керек. Ол кісі кез келген істің көзін тауып, тындырымды жұмыс істеп бітүрді, еріншектік пен жалқаулықтан бойды аулақ ұстауды үйретті. Өкеміз бізге бірінші шапағат шауғын төгіп қана қоймай, өкеңнің аңсап кеткен арманын, үмітін ақтау үшін сапалы білім алуды және өңбектенуді талап ететін, шектен тыс ерлікпен жазалап та қоятын. Кейде диірмен тартып отырғанда, балалыққа, ойынға салынып, бидайды көбірек салып, алаңдап ұнды бұзып алатынбыз. Сондай кездері қатаңдықтың да демін татып қоятынбыз.

Анамның күш-қуаты мол ерік-жігері мықты болатын, оның негізгі мақсаты екі ұлы Әбдімәлік пен Мәлікке ұлттық тәрбие, мүмкін болғанынша сапалы білім беру, оларды еліміздің қажырлы азаматтары етіп өсіру еді. Ол арман исе асты, екі баласы танымал азамат болып өсті. Екеуі де халқына сыйлы, Алға шауып, тамаша ұл-қыздары, немере-шөберелері бар отбасылар.

Соғыс жылдары және соғыстан кейінгі жылдары тұрмыстың ауыр тіршілігін арқалай жүріп, мектепті де өте жақсы оқыдық. Тұрмыс тауқыметі де, жоғарыда айтып кеткендей, «халық жауының баласы» ретіндегі шеттетуде, әдетте жас балаға тән болып келетін көп білуге және даналыққа деген құштарлықты, таңауға деген үздіксіз қызығушылықты өшіре қоймады.

Мен аурушан болып өстім. Қазақ елшілігінің бір қайнар көзі – оның еңлік өнерінде, ұрпақтың саулығын сақтау өнегесінде, салауатты өмір сүру үлгісінде. Денсаулық қамын кездеу адам баласына туғаннан біткен инстинкт, денсаулықты сақтау мен жақсарту елдіктің де, емдіктің де белгісі емес пе? Халыққа тұтастық, өмішперге қауымдастық, қашанда қажеттілік болып қалмақ.

Институтты бітіргеннен кейін маған дәріс берген Ә.Төмежанбетов, Е.Махмұтов, И.Бекбаев, Ә.Оразалиев, Ж.Беркімбаев, С.Сарманов, С.Елүбаев, Ж.Сәтбаева сияқты білікті де дарынды ұстаздарымыз қолдауымен арнайы жолдамалар Алматыға Қазақстан ғылым академиясына жіберген болатын. Ол кезде академияға қызмет істеу деген үлкен мақтанға өді. Өйткені ғылыми инновациялық Сәтбаев заманы болатын.

Сонымен менің болашақ ғылыми жұмысыма мынадай себептер әсер етті. Алматыдағы ғылыми ортадағы Орынбек Жаутиков, Жабайхан Әбділдин, Лев Науменко, Мария Баканидза сияқты дарынды ғалымдар маған өз бетінше шешім қабылдап, өз отбасында қызғаштай қорғап, оның өміріндегі қамтамасыз етуге итермелеп, батыл әрі ақылды әрекет етуге тәрбиелейтін терізді. Мен өз басым Алла жақтан отты адам үрлеп сөңдіре алмайтынымна төнті болдым.

Мәскеудегі ұстаздарымды ерекше айта кетуге тиіспін. Солардың ішінде сол кездегі одақтағы жаратылыстану философиясымен айналысқан, бірден-бір атақты ғалым, профессор И.В.Кузнецов – осы саладағы алғашқы аяқ алысыма зор ықпал еткен адам. Менің Мәскеудегі аспирант кезімдегі ғылыми жетекшім болатын Сондай-ақ Э.В.Ильенков, Б.М.Кедров, В.С.Готт, В.С.Тюхтин, Г.И.Резванов, В.А.Лекторский, В.С.Степин секілді көрнекті ғалымдардың алдын көру философиядағы өз жолының қалыптасуына үлкен ықпалын тигізді. Аспирантураны ойдағыдай қысқа мерзімде тәмамдағаннан кейін 1965 жылы Алматыға қайта оралдым.

Мен білім мен ғылымда үздіксіз елу жылдай еңбек етіп келемін. Осы жылдары 600-ден астам ғылыми жұмыс, қырықтай кітап жарыққа шығардым. Олардың ішінде 75-тен астамы өлемнің жиырма бес тілінде (Ресейде, АҚШ-та, Қытайда, Германияда, Түркияда, Иранда, Вьетнамда, Тәжікстанда, Белоруссияда, Украинада, Болгарияда, Польшада, Венгрияда және тағы басқа елдерде) жарық көрді.

Менің ғылыми жетекшілігіммен көптеген кадрлар диссертациялар даярлап, философия, социология, мәдениеттану, саясаттану бойынша халықаралық танымал ғылыми мектеп құрдым.

1997-2003 жылдары тәуелсіз елдің «Қазақстан» атты ұлттық энциклопедиясын даярлау мақсатында Қазақ энциклопедиясының бас редакторы қызметін Философия және саясаттану институтының директоры болып қызметін атқардым. Егемен елдің ұлттық энциклопедиясының алғашқы төрт томы менің ғылыми басшылығыммен және тікелей қатысуымен жарық көрді.

«Мәдени мұра» стратегиялық ұлттық жоба бойынша 20 томдық «Көне заманнан бүгінгі күнге дейінгі қазақ халқының философиялық мұрасы», 20 томдық «Әлемдік философиялық мұра» және 10 томдық әл-Фараби шығармалар жинағы менің ғылыми басшылығыммен және тікелей қатысуымен тұңғыш рет жарық көрді. Сөйтіп егемен қазақ елінің өзіміздің мемлекеттік тілімізде 50 томдық философиялық мұрасы бар халықтық. Бұл – тамаша рухани-мәдени құбылыс және теңдесі жоқ ғылыми жиналқы, байлық.

Халық пен мемлекет тарапынан еңбегім жоғары бағаланды. Қазақстан мемлекеттік сыйлығының (1984), Шоқан Уәлихановтың бірінші сыйлығының (1974), Халықаралық түркі өлемі сыйлығының (2006) лауреаты атандым. Қазақстан ғылымы мен техникасына еңбегі сіңген қайраткер (1994), Бейбітшілік пен рухани келісім сыйлығының лауреаты (1998), «Достық» (1998) және «Парасат» (2004) ордендерінің иегері атандым. Көптеген елдің құрметті профессоры, академигі, құрметті азаматы атаным алдым.

Данышпан қазақ «Жақсылың жақсылығын айт, нұры тасысын, жаманның жамандығын айт, құты қашсын» дегендей, мен бұл дүниеде қанша қиналған адамға қол ұшын беріп көмектестім, жақсылық жасауға тырыстым, қанша жастан менен білім алып, үлкен кеңестер еліміздің түркі-түркілеріне жемісті қызмет етуде. Мен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде, Қазақ мемлекеттік педагогикалық қыздар университетінде, «Қайнар» университетінде, Қытай Халық Республикасының Ухань қаласындағы Ухань ғылым және технология университетінде, М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде, Түркияның Анкара университетінде дәріс оқыдым, диссертациялық жұмыстарға ғылыми жетекшілік еттім. Жоғары оқу орындарының студенттері арналған «Қысқаша философия тарихы», «Философия», «Социология», «Саясаттану», «Адамға қарай бет бұрсак», «Батыс философиясы», «Шығыс философиясы», «Введение в теорию гендера» атты оқулықтар мен оқу құралдары, қоғамдық-гуманитарлық және математикалық-жаратылыстану бағытындағы орта мектептің 10 және 11 сынып оқушыларына арналған «Қоғамдық білім негіздері», «Адам және қоғам» оқулықтары мен христиандігілерін дайындауға қатысқанмын.

Енді отың ғылым жолындағы қолы жеткен ғылыми атақтарымен марапаттарын айтсақ, 1964 жылы 24 желтоқсанға Мәскеу қаласындағы Философия институтында «Значение принципа соответствия для раскрытия природы Истини в математике» тақырыбында диссертация қорғап, философия ғылымының кандидаты деген атақ алды. 1975 жылы 17 қантарда «Диалектико-логические принципы синтеза и развития математического знания» тақырыбында диссертация қорғап, философия ғылымының докторы болды. 1986 жылы 22 қыркүйекте Қазақ ССР Жоғары Советінің «Құрмет» грамотасымен наградталды. 1989 жылы 17 сәуірде Ұлттық ғылым академиясының академигі болып сайланды. Халықаралық информатизациялау ғылымының академигі болды. Ресейдің қоғамдық даму академиясының академигі, Украинаның саяси ғылымдар академиясының академигі, «Шоқан Уәлиханов» атындағы сыйлықтың лауреаты, Ғылым және техника саласындағы Қазақстан мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. Оның жетекшілік жасауымен 60 ғылым докторы, 100 ғылым кандидаты дайындалған. 600-ден астам ғылыми еңбектің авторы, 75 еңбегі өлемнің 25 тілінде жарық көрген. Англияның Кембридж институтының профессоры атыған алған.

**Шыңғыс АЙБОСЫНОВ**  
Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі



## Қызылорда облысының білім басқармасының «Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының жеке және заңды тұлғаларды қабылдау кестесі

№	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты)	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	2	3	4	5	6
1	Садыхов Талғат Қурақбаевич	Білім бөлімінің басшысы	Әр аптаның сәрсенбі күні сағат 16.00-ден 18.00-ге дейін	Жалағаш кенті, Ұлы Жеңістің 50 жылдығы көшесі №20	21-3-91

## Қауіпсіздік қаперде болсын

Төтенше жағдайлар саласының мамандары тарапынан аудан тұрғындарына арналған тілсіз жаудан сақтану қағидалары туралы ескертулер үнемі жасалып жатқанына қарамастан, қарапайым қауіпсіздік қағидаларын сақтамау себебінен кейбір азаматтар кенеттен туындаған ерт салдарынан дүние-мүлкінен айырылып, баспансыз қалып жатқанын да куәсі болып жүрміз. Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуші мамандардың айтуынша, тұрғын үйлердегі өрт оқиғаларының кейбірі электр жарығы және тұрмыстық электр жылытқыш қондырғыларының ақауынан болады. Олардың алдын алу мақсатында Жалағаш ауданы төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлері тұрмыста өрт қауіпсіздігін сақтаудың қарапайым қағидаларын ұсынды.

Электрден болатын өрттердің негізгі себебі ол қысқа тұйықталу, желінің шамадан тыс жүктелуінен болып жатады. Осындай жағдайлар болмау үшін электр сымдарын дұрыс жағдайда ұстау керек, ал қысқа тұйықталудан және желінің торда шамадан тыс жүктелуінен болатын өрттердің алдын алу үшін тарату қалқандаша міндетті түрде зауытта жасалған сақтандырыштар болуы қажет. Егер электр желісіне жуан сымнан қолдан жасалған сақтандырышты қосса, онда қысқа тұйықталу кезінде ол ерімейді. Олай болса «қорғаныс» істемейді және желі тоқтаты астында қалады. Осындай жағдайда сымдар ерігенше қызды, оқшаулау тұтануды, от айналады жағыш заттарға тартылып, өрт шығады. Сондықтан ерқашан тек зауытта жасалған сақтандырыштарды қолдану қажет.

Қысқа тұйықталу электр сымда болуы мүмкін. Сондықтан ол дұрыс жағдайда болуы керек. Өрт электр шамынан да болуы мүмкін, оның вольтфрам сымы қызған кезде көп жылу шығарады.

Өрт болмауы үшін электр шамдары қағаз және мата абажурларға тиеуі қажет. Сондықтан желіге қосылған қондырғыларды қараусыз қалдыруға және олардың қарауын кішікентай балаларға талсыруға болмайды, сонымен қатар перделер, ағаш қалқа және т.б. оңай тұтанатын заттардың қасында оларды қосуға болмайды.

**Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі**

Тылсым табиғат

## Қылышын сүйретіп қыс келеді

Қараша келді. Күздің соңғы айы суыта бастайды енді. Әсіресе Сыр бойындағы құрғақ қара суық осы айда басталады. Қыстың ұзақ немесе қысқа болатынын бұрынғылар қарашада жауған алғашқы қардың еру уақытымен байланыстырып болжапты. Сыр өңірінде әлі қарашаның қары түскен жоқ. Әйтсе де күн суытып келеді. Ал ауа райын ғылыми технологияға сүйеніп болжайтын синоптиктер биыл қыстың қатал әрі ұзақ болатынын айтады. Енді әр өңірде әртүрлі болуы да мүмкін. Мәселен, еліміздің батыс, шығыс өңірлеріне қар түскелі біраз болды. Бізде де көк жүзі ауық-ауық алабұртып тұр. Кім біледі, табиғаттың құбылмалы да тосын мінезіне мәлім бар ма?!



Дәстүр

Қазір тойдың түрі көп. Күз бөрекелі тойдың айы ғой. Бірақ осы соңғы кезде құрсақ той ұмытылып бара жатыр. Бұрын осы тойға ата-аналарымыз қатты мән беретін еді. Жаңа түскен жас келіннің аяғы ауыр екені белгілі болған соң, оның абысын-ажындары, еңелері әйелдерді шақырып, құрсақ тойын жасап, оның аман-сау аяқ-қолын бауырына алуына тілекші болып, шашу шашып, дастарханды түрлі дәмге толтырып, сауық жасайтын.



Ғұрып бойынша бойына бала біткен келіншекті «күмәнді», «аяғы ауыр», «ішінде көжесі бар» деп тұспалдап айтады. Бұл сөздің мәнісі «жас келін қысылып ұялмасын, тіл-көздің сұғынан сақтасын» деген ойдан шыққан. Жас келін бойына бала біткен соң ас батпай құса береді. Әлдеқандай тағамға көлілі шабады. Мұны «жерік болды» дейді. Аппамыс батырдың жырлында «Бәйбіше келді алаңдап, Жас беріше жалаңдап, Жерігі қанбай сандалды» деген жыр жолдары бар. Мұндай жұрт, үй іші жерік әйелдің көлілі қалаған асын табуға тырысады. Жерігі қанбаған әйел басы айналғып, ауыра береді. Мұндайды «итжерік» дейді. Қалаған асын тауып жерігі қанбаған әйелдің құмары тарқап, ерекше сезімге бөленіп, денсаулығы жақсара бастайды. «Жерік асын жегендей күанды» деген сөз осыдан шыққан. Жеріктікі басудың тек анаға ғана емес, іштегі сәбидің денсаулығына да зор әсері бар. Бала өрнінің «қоянжырық» болып тууына асының анасының жерігі қанбағандық деп жору халық арасында жиі айтылады. Жас келіншекті екіқабат кезінде оған ерекше күтім, назар аударылып, үлгі-өнеге көрсетіледі. Ол ауыр жұмыс істемейді. Түнде суға бармайды, шоштыпайды, ренжітпейді, тіпті өкпелетпейді де. «Көз тиеді» деп далаға да көп шығармайды. Демді, жеңіл тамақтар жасап береді. «Мезгілінде тумайды» деп түйе етін жегізбейді, «нәресте кіндігіне оратылып қалады» деп арқан аттатпайды. Түнде далаға жалғыз шығармайды. Дәсур бойынша жас келін босанғаннан кейін оның анасы әдейі келіп, қызының жанында болып, қуанышқа ортақтасуық ажет. Бұл – ананың басты парыздарының бірі. Құрсақ тойды жасаудың бір мәнісі, дастархан жасалғанда екіқабат әйел жерік асын тауып жесін деген мақсатты да көздейді. Сондықтан құрсақ той жасаудың да пайдасы бар.

Г. ҚОЖАХМЕТОВА

Қуат АХЕТОВ

## Ұстаның қолы – ортақ

Ұсталықты бұрын бабаларымыз киіе тұтыпты және бір жағынан күн көріс көзі санапты. Осы киіелі өнер қазіргі күні де өз қадірін жоғалтқан жоқ және кәсіпшілік қызметі де атқарып келеді. Жаңаталап ауылының тұрғыны Ғалым Әбжаппарұлының есімі бүгінде аймаққа таныс. Ғалым ағамыздың әкесі Әбжаппар да темірден түйін түйіп, ағашқа бедер салған әйгілі ұста және қыз-келіншектерге, сал-серілерге әшекей соғатын зергер болыпты. Ғалым ұстаның айтуынша, Әбжаппар әкемізді жас шағында Сыр еліне сонау Арқадан арнайы келіп, қолқалап алып кетеді екен. Ұста сол жақта айлап жатып, ұзатылатын қыздардың жасауына қосатын сырға, сақина, білезік, шашбау, шолпы және басқа да әшекей бұйымдарын жасайды екен. Өрине тегін істемейді, еңбекақысына Арқадан Сырға үйірлі жылқы айдап қайтатын көрінеді.

Осы Әбжаппар ұста соғыс жылдарындағы тылдағы еңбек армиясына алынады. Соғыс жүріп жатқан кезде тәртіп қатал. Еңбек армиясында болғандар таңнан кешке дейін майдан даласындағы жауынгерлер үшін тынымсыз жұмыс істейді және өз еркінен тыс, Отаны үшін, елі үшін, отбасының амандығы үшін аянбайды. Оларға күнделікті беретін ас-судың мөлшері қарынға жұғын болмайды. Аргы бетінен күн көрінетін бір жапырақ жұқа қара нан ер адамның ұлығын қарынын жұбата ма? Әбжаппар ұстаның қасында ауылдан бір-екі адам болыпты және барлығы бір барақта жатады. Қара су мен бір жапырақ нанды қорек қылғандардың әл-дәрмендері қалмай, күн өткен сайын өлсірей береді. Әбден ашыққан Әбжаппар әкеміздің қасындағы бір кісі барақ аспаздарының қоқысқа әкеліп тегіп жатқан картоптың қабығын уыстап алып аузына енді салайын дегенде ұста оның қолынан шап беріп ұстап, «Барға да, жоққа да сабыр қылайық. Сәл шыда! Қарынымыз майланатын күн алыс емес» дейді жұбатып.

Айтқандай, бір күні барлықты алдына жүк тиеген арба тоқтайды. Үстіндегі азық-түлік салынған қап, қоратпанын қоймаға түсіріп тастап, орнынан қозғала бергенде әлгі арбаның бір дөңгелегі қиқаң етіп қисайып, сол жерде шоңқияды да

қалады. Арбакеш пен әскери киімді адам арбаны екі-үш рет айналып қарап шығып, бастарын шайқайды. Сол жердегі біреуді барақтың басшылығына жүгіртеді. Сәлден соң әлгі кеткен шабарман екі-үш адамды ерітіп алып келеді. Олар сол жердің ұста-шеберлері екен. Келе сала арбаның сынған жағын тас тіреп жерден көтеріп, дереу жөндеуге кіріседі. Алайда бір-екі сағат бойы шұқылап, ештеңе бітіре алмайды. Сонда манадан сырттай бақылап тұрған ауылдағы соқа-сайманның барлығын қолдан соғып жүрген Әбжаппар әкеміз әлгілердің жанына жақындайды. Бар білетін орысшасымен «Бұл арбаның сынған тетігін қалай істеу керектігін мен білемін» дейді. Амалы құрып тұрған орыстар жүзі күрәңіткен дала қазағына аса сенбесе де «онда істеп көр» дейді менсінбеген әрі дүдәмал кейіпте. Тіпті «қолына мал айдайтын шыбықтан басқа ештеңе ұстамаған малшы қазақ темірдің тілін қайдан білсін» дегенді айтпай-ақ ұқтырған кекесінді күлкілер де шығады. Бірақ ұста қазақ оны елемеген болып, білегін сыбанып іске кіріседі.

Сынып кеткен доңғалқтың тегершігі екен. Арбаның сынған бөлшегін лезде босатып алып, тас секілді темірге салып түзетіп, добалбас шегемен қайта бекітіп, доңғалқты орнына келтіреді және сол жұмыстың барлығын



арнайы құрал-саймансыз жасайды. Орыстар риза болып, ұста қазақты еңбек лагерінің шаруашылық базасына шебер етіп қояды. Содан соғыс аяқталғанша Әбжаппар әкеміз сол жердегі ескі техникаларды тексеріп, сынып бүлінген бөлшектерін жөндейді. Күнделікті ішіп-жемі де молайды, киімі де бүтінделеді. Бірақ ұста

ауылдарындағы диқандардың қолында әлі күнге дейін жүр. Бүгінде өкениң ұсталық қасиеті дарыған Ғалым Әбжаппарұлы ұсталық өнердің қыр-сырын өбден меңгерген. Әкеден мұра болып қалған ескі құрал-саймандар ауласындағы дүкеннің төрінде ілініп тұр. Әсіресе ғасырға жуық тарихы бар көріктің жасалуы

Әсіресе егін шаруашылығымен айналысатын ауылдар темірдің тілін білетін ұстаға зәру. Ауыр жұмыстарға жегіліп, үнемі қозғалыста жүрген соң жаңа техниканың өзі де ескіреді. Тула бойындағы темір тетіктері сынып, істен шығады. Ал ондай кездерде мүлдем тоқтап қалмағанымен, жұмыс қарқыны төмендейді.

Қуат АХЕТОВ

Меншік иесі: **СЫР МЕДИА** жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор **Аманжол ОҒАРБАЕВ**  
Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінің редакциясы  
Бас редактор **Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ**

Телефондар: **Бас директор - 8(7242) 70-00-36**  
**Бас редактор - 32-0-41**  
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәуірлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.  
Тел.: 8(7242) 40-06-68.  
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.  
Таралымы 3075 Тапсырыс № 1927